Faculty of
Human Sciences

FACULTY OF HUMAN SCIENCES
WASEDA UNIVERSITY
2-579-15 MIKAJIMA, TOKOROZAWA, SAITAMA 359-1192, JAPAN
TEL: +81 4-2947-6848 FAX: +81 4-2947-6801

REVIEW OF THE DISSERTATION
submitted by Madina Askarbekkyzy Moshkal
for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)
in the specialty 8D02209 – Oriental Studies

This review is provided by the foreign scientific advisor, PhD, Professor Atsushi Ogihara, on the PhD dissertation titled *Japanese Model of the Sustainable Development: Fundamental Plan «Junkangata shyakai» («A sound material-cycle society»)*, prepared by Madina Askarbekkyzy Moshkal, a doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, in fulfillment of the requirements for the PhD degree in Oriental Studies (8D02209).

The dissertation presented by Madina Moshkal is a significant and timely study dedicated to Japan's sustainable development strategy, particularly focusing on the Fundamental Plan «Junkangata shyakai» («A sound material-cycle society»). The author systematically explores Japan's comprehensive approach, highlighting its legislative framework and the active engagement of various stakeholders, including NGOs, NPOs, business communities, and citizens.

The research effectively highlights the relevance of sustainable development, providing a thorough exploration of Japan's role in sustainable waste management practices. Madina Moshkal clearly outlines the integration of economic, social, and environmental aspects within Japan's sustainability model, demonstrating the multidimensional and integrative character of the «Junkangata shyakai» plan.

The aims and objectives set forth in the dissertation are clearly defined, logically structured, and consistently followed throughout the research. The logical coherence from theoretical foundations and methodological frameworks to empirical analyses and comparative studies effectively supports achieving the overall research aim, thus ensuring the reliability and clarity of the dissertation.

A strength of the dissertation is its comparative methodology. The author competently compares Japanese and Kazakhstani waste management systems, identifying both similarities and differences. This comparison provides practical

FACULTY OF HUMAN SCIENCES
WASEDA UNIVERSITY
2-579-15 MIKAJIMA, TOKOROZAWA, SAITAMA 359-1192, JAPAN
TEL: +81 4-2947-6848 FAX: +81 4-2947-6801

insights into potential adaptations and improvements that Kazakhstan could implement based on Japan's sustainability practices.

The dissertation is well-grounded theoretically, clearly defining and discussing key concepts such as sustainability, circular economy, and waste management.

Methodologically, the dissertation is robust, effectively combining theoretical analysis with empirical approaches, including expert interviews and SWOT analysis. This approach adds credibility and reliability to the findings.

The author provides a set of practical recommendations aimed at improving waste management systems, both in Japan and Kazakhstan. These suggestions focus on enhancing regulatory frameworks, modernizing infrastructure, and strengthening stakeholder engagement to ensure more effective and sustainable environmental practices.

In conclusion, this dissertation represents an important scholarly contribution with significant relevance both to the understanding and development of Japan's sustainability policies and practices, as well as offering valuable insights for international application. It is recommended as a substantial contribution to the academic field.

This dissertation meets the academic requirements for the PhD degree in Oriental Studies and is recommended for acceptance for the public defence.

Atsushi OGIHARA, PhD, Professor
Senior Dean, Faculty of Human Sciences, Waseda University
Japan

April 30, 2025

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ВАСЕДА УНИВЕРСИТЕТІ
2-579-15 Микадзима, Токорозава, Сайтама 359-1192, Жапония
Тел.: +81 4-2947-6848
Факс: +81 4-2947-6801

8D02209 – Шығыстану білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Мошқал Мәдина Асқарбекқызы ұсынған
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ПІКІР

Осы пікір шетелдік ғылыми жетекші, PhD, профессор Ацуши Огихара тарапынан Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өңдеу қоғамы») іргелі жоспарының мысалында» атты диссертациялық жұмысына қатысты беріліп отыр. Аталған жұмыс Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған.

Мошқал Мәдина дайындаған диссертациялық жұмыс Жапонияның тұрақты даму стратегиясына, нақтырақ айтқанда, «Junkangata Shyakai» («Қайта өңдеу қоғамы») іргелі жоспарына арналған маңызды әрі өзекті зерттеу болып табылады. Диссертант Жапонияның тұрақты дамуға бағытталған кешенді саясатын жүйелі түрде талдап, оның заңнамалық негіздерін және үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ), коммерциялық емес ұйымдар (КЕҰ), кәсіпорындар мен жергілікті азаматтардың белсенді қатысуын айқындайды.

Зерттеу жұмысы тұрақты дамудың өзектілігін тиімді түрде көрсете отырып, Жапонияның қалдықтарды басқару саласындағы тұрақты тәжірибесін жан-жақты талдайды. Мошқал Мәдина Жапонияның тұрақты даму моделіндегі әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілердің өзара байланысын нақты сипаттап, «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының көпқырлы әрі интеграциялық сипатын айқын көрсетеді.

Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер нақты айқындалып, қисынды құрылыммен берілген және бүкіл зерттеу барысында дәйекті түрде іске асырылған. Теориялық негіздер мен әдіснамалық тәсілдерден бастап эмпирикалық талдау мен салыстырмалы зерттеулерге дейінгі логикалық тұтастық жалпы зерттеу мақсатына қол жеткізуге тиімді түрде ықпал етіп, жұмыстың ғылыми сенімділігі мен мазмұндық анықтығын қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыстың маңызды артықшылықтарының бірі – салыстырмалы талдау әдісінің орынды қолданылуы. Автор Жапония мен Қазақстанның қалдықтарды басқару жүйелерін кәсіби тұрғыда салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Бұл

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ

салыстырмалы талдау Қазақстан үшін Жапонияның тұрақты даму тәжірибесіне негізделген бейімдеу мен жетілдіру мүмкіндіктеріне қатысты практикалық ұсыныстар дайындауға негіз болды.

Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан терең әрі жан-жақты негізделген, оның шеңберінде «тұрақтылық», «айналмалы экономика» және «қалдықтарды басқару» сияқты негізгі ұғымдар нақты айқындалып, ғылыми тұрғыда талданған.

Әдіснамалық жағынан зерттеу жұмысы теориялық талдау мен эмпирикалық тәсілдерді, оның ішінде сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдауды тиімді ұштастыра отырып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми сенімділігі мен дәлдігін арттырады.

Автор Жапония мен Қазақстандағы қалдықтарды басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған бірқатар практикалық ұсынымдар береді. Бұл ұсынымдар құқықтық негізді жетілдіру, инфрақұрылымды жаңғырту және мүдделі тараптардың қатысуын күшейту арқылы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытындылай келе, бұл диссертациялық жұмыс Жапонияның тұрақты даму саясаты мен тәжірибесін ғылыми тұрғыдан терең зерделеуге елеулі үлес қосатын маңызды зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, оның нәтижелері халықаралық тәжірибеге бейімдеуге болатын құнды ғылыми қорытындылар ұсына отырып, жаһандық деңгейде де өзектілікке ие. Жұмыс ғылыми қауымдастық үшін қомақты ғылыми үлес ретінде бағалануға лайық.

Диссертациялық жұмыс шығыстану білім беру бағдарламасының философия докторына (PhD) дәрежесіне қойылатын академиялық талаптарға сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

(қолы)

Ацуши ОГИХАРА, PhD, профессор
Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, Васеда университеті,
Жапония

30 сәуір, 2025

БМ 63
БЮРО ПЕРЕВОДОВ
ИИН 850922400114
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ